


«Нұрай» жеке балабақшасы

«Бекітемін»
«Нұрай» жеке балабақшасының
Меңгерушісі:  Л.Бакешова
« 4 » 2024 ж.



**2024-2025 оқу жылына арналған мінез-
құлқында қиындығы бар балаларға
ЖЕКЕ ТҮЗЕТУ-ДАМУЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

2024-2025 оқу жылы

**2024-2025 оқу жылына арналған мінез-құлқында
қиындығы бар балаларға
ЖЕКЕ ТҮЗЕТУ-ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағдарламаның мақсаты: баланың ішкі әлеуетінің дамуына ықпал жасау, кедергі келтіретін ауытқуларды жоюға көмек көрсету, зейінін тұрақтандыру, өзгелерді тыңдай алуға дағдыландыру.

Жиелілігі: аптасына 1 рет;

Өткізілу формасы: жеке;

Мерзімі	Түзетудің тақырыбы	Түзету-дамыту жұмыстарының мазмұны	Уақыты
Қараша	Зейіннің тұрақтылығын дамыту ойындары	«Жұбын тап»,	4 11 2024
		«Не жоғалды?»,	11 11. 2024
		«Қайтала»	18. 11
		Пішінге сәйкес секір	25. 11
Желтоқсан	Қимыл қозғалысын жақсарту, реттеу	Балапанды тамақтандыр(лабиринт)	2 12
		Ойыншықтарды үйіне жеткіз	9 12.
		Доптарды бөл	23 12
		Шарды жина	30. 12
Қаңтар	Көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту	Балмұздақ	6 01 2025
		«Кезек» ойыны	13. 01
		Саусақтағы сақина	20. 01
		Допты кедергілермен алып өт	27 01
Ақпан	Сенсорлық ойындар	Сипап сез	3 02
		«Пирамиданы жина» қимылды ойын	10 02
		Диноға көмектес	17 02
		Моншақ тіз	24 02
Наурыз	Арт-терапия	Изо терапия	3 03
		Манка терапиясы	12 03
		Құм терапиясы	19 03
		Қуыршақ терапиясы	31 03
Сәуір	Зейінін шоғырландырып, байқағыштық қасиетін дамыту	Допты стаканға түсір	7 04
		Допты ұстап ал	14. 04
		Кеглиді құлат	21. 04
		Резинкамен ойын	28 04

Орындаған: Ізімкүл Г.

Тақырыбы: «Жұбын тап» ойыны.

Мақсаты: балалардың бақылаушылық пен зейін қасиеттерін, зейін тұрақтылығын дамыту.

Психолог: Сәлеметсің бе! Сені көргеніме қуаныштымын!

«Сәлем, мен көжекпін!» - сәлемдесу рәсімі

Мақсаты: қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.

Ойын ережесі: психолог қолына жұмсақ ойыншық ұстайды (көжек). Содан кейін балаға көжекпен сәлемдесу ұсынылады. Бала көжекпен қол алысып, өзін еркелете таныстырады:

- Сәлеметсің бе, көжек, мен Гүлбақытпын.

Қимылды ойын: Секіrmек

Ойын ережесі: Жерге әр түрлі бағытта, қос аяқпен, оң немесе сол аяқпен секірген табан іздері жапсырылады. бала сол іздерді қайталап секіріп шығады.

«Жұбын тап» ойыны.

- Әр қолшатырдың өзіне сай етіктерін жұбын табыңыз.



Бала заттардың жұбын табады.

«Кеме және жел» демалу және тыныс алу жаттығулары

– «Біз желкенді кемеміздің толқындарда жүзіп бара жатқанын елестетіп көрейікші, балалар, бірақ, ол кенеттен тоқтап қалды. Ал қанекей, оған көмектесу үшін желді көмекке шақырайық!». Терең тыныс алып, қатты шуылдата кемеге қарай жел үрлейміз.

- Тағы бір қайталап көрейік. Мен желдің қалай соққанын естігім келеді!
Жаттығуды 3 рет қайталауға болады.

Қорытындылау.

Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?

Тақырыбы: «Қайтала»

Мақсаты: Көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту

Психолог: Сәлеметсің бе! Сені көргеніме қуаныштымын!

«Күн шуағы» сәлемдесу рәсімі

Армысыз, қайырымды Аспан - Ата *(екі қолымыз жоғарыға)!*

Армысыз, мейірімді Жер - Ана *(екі қолымыз кеудеден құшақ жая)!*

Армысыз, шұғылалы Алтын - күн! *(екі қолымыз жоғарыдан төменге күн шуақтарын бейнелей)*

Өрқашанда Көкте күліп күн тұрсын *(екі қолымыз қайтадан жоғарыға)*

«Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылады

Балаға сіріңкенің 6 шиі беріледі. Психолог сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Бала бірнеше секунд көлемінде қарап алады да, оны қайтадан жасауға тырысады. Бірнеше рет қайталап ойнайды.

«Қысқы табиғат» гимнастикасы

Далада қар борайды,

(екі қолдарын көтеріп жел соққан ағаштай тербеледі)

Ақ мамыққа орайды

(екі қолын алға созып, айнала қар жауғанын бейнелейді)

Мұз болады, қатады

(екі қолын алға созып, түзу жоғары-төмен және оң-солға сермейді)

Жып жылтыр боп жатады.

Қорытындылау.

Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?

Тақырыбы: «Пішінге сәйкес секір» ойыны.

Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Зейінін, байқампаздық қасиетін дамыту.

Психолог: Сәлеметсің бе! Сені көргеніме қуаныштымын!

Шаттанайық қане» - сәлемдесу рәсімі.

Қуан, шаттан, алақай!

(қолдарын жоғары көтереді)

Қуанышты күн келді.

(саусақтарын аша күн сәулесін бейнелейді)

Күліп шықты күн бүгін.

(Сұқ саусақтарымен күліп тұрған жүздерін көрсетеді)

Қайырлы таң, Қайырлы күн – Балақай!

(бір –бірлеріне қол бұлғай амандасады)

«Пішінге сәйкес секір» ойыны

Шарты: бала ортада тұрады. Баланы айналасына пішін белгілері қойылады.

Психолог балаға әртүрлі заттарды көрсетеді. Бала заттың пішінін тауып, сол пішінге сәйкес секіріде.

«Үй жануарлары мен төлдері»

Ойынның шарты: Үй жануарларының төлдерін ажыратып, аналарына қосу.

Саусақ гимнастикасы

Бала-бала балақан,

Қане қайсы алақан,

Саусақтарың әйбәт,

Былай-былай ойнат, - деп сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады.

Қорытындылау.

Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?

Тақырыбы: «Балапанды тамақтандыр» лабиринт

Мақсаты: Зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту. Қимыл-қозғалысты, бақылағыштықты дамыту.

Психолог: Сәлеметсің бе! Сені көргеніме қуаныштымын! Сәлемдесіп шаттық шеңберін орындайық!

Сәлемет пе? Шуақты күн көкте! *(оң қолын жоғары соза)*

Сәлемет пе? Нұрлы аспан көкпенбек!

(екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)

Сәлемет пе? Самал жел желпіген!

(екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді)

Сәлемет пе, Кішкентай тал - терек! *(оң жаққа оң қолын жаяды)*

Сәлем, таң жаңа атқан! Сәлем, күн арайлы! Сәлемге еріну!

Бізде әсте болмайды. *(бастарын шайқайды)*

Ойын: «Балапанды тамақтандыр» лабиринт

Шарты: қораптан қиылған кедергілер арасымен бала қасықпен дәнді алып өтіп, балапанға жеткізеді.

«Балықтар суда жүзеді» - саусақ гимнастикасы.

Алуан түрлі балықтар,

Су астында жүзуде.

(алақандарын біріктіре жүзу қимылын жасайды)

Жүзеді оңға, жүзеді солға,

Шошып түсер анда-санда.

(оңға, солға теңселе, бір рет секіреді)

Қимылды ойын: «Қимылды қайтала»

Мазмұны: балаға бірнеше қимыл-қозғалыстарды көрсетеді, бала оларды қайталайды.

Қорытындылау

Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?

Тақырыбы: «Ойыншықтарды үйіне жеткіз»

Мақсаты: Зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту. Қимыл-қозғалысты, бақылағыштықты дамыту.

Психолог: Сәлеметсің бе! Сені көргеніме қуаныштымын! Сәлемдесіп шаттық шеңберін орындайық!

Сәлемет пе? Шуақты күн көкте! *(оң қолын жоғары соза)*

Сәлемет пе? Нұрлы аспан көкпенбек!

(екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)

Сәлемет пе? Самал жел желпіген!

(екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді)

Сәлемет пе, Кішкентай тал - терек! *(оң жаққа оң қолын жаяды)*

Сәлем, таң жаңа атқан! Сәлем, күн арайлы! Сәлемге еріну!

Бізде әсте болмайды. *(бастарын шайқайды)*

«Ойыншықтарды үйіне жеткіз» ойыны

Барысы: түрлі-түсті ойыншықтар дайындалады. Бір ыдысқа салынып бөлменің бір жағына қойылады. Екінші жағына ойыншық түсіне сай кілемшелер қойылады. Ортаға жіп тасталады. Бала жіп арқылы тепе-теңдікті сақтап ойыншықты сәйкес кілемшеге әкеліп қояды.

«Бөлшек сурет» дамытушы ойыны

Мақсаты: бөлшектелген суреттерден тұтас бейне құрастыруға үйрету, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.

Мазмұны: балаларға жеке-жеке бөлшектелген суреттер таратылады. Балалар бөлшектелген суреттерден тұтас бейне құрастырып шығаруы тиіс.

«Қимылды қайтала» жаттығуы

Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

Жаттығу барысы: балалар қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Бала сол қимылды тура солай қайталау керек.

Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

Мақсаты : кол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Бала бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Бала сүк және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді, бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Қорытындылау

Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?

Тақырыбы: «Доптарды бөл»

Мақсаты: көрнекі қабылдауды дамыту, жіктеу, ұсақ моторика дағдыларын және қол қозғалысы үйлестігін, ойлау қабілетін дамыту.

Сәлемдесу рәсімі. «Сәлем»

Балалар психологтың белгісі бойынша амандасады:

- қолдарымызбен амандасамыз;
- иықтарымызбен амандасамыз;
- арқамызбен амандасамыз

«Доптарды бөл» ойыны

Мақсаты: Түстерді ажырата алуға тәрбиелеу. Ерікті қозғалыс үйлесімділігін дамыта отырып.

Ойын барысы: Балаға ортаға үлкен ыдысқа түрлі-түсті шариктер салынған ыдыс және бос ыдыс беріледі. Бала белгі бойынша ортадағы ыдыстан өзіне берілген түс бойынша аяқтарымен шариктерді бос ыдысқа жинайды.

«Болады, болмайды»**Ойын барысы:**

Барысы: психолог бірнеше пікірлерді оқиды. Егер пікір дұрыс болса, қолын шапалақтайды, егер бұрыс болса аяқтарын топылдатады.

1. Қасқыр орманда жүреді.
2. Сиырдың төлі – құлын.
3. Жазда қатты ыстық болады.
4. Шыршада алма өседі.
5. Үйде піл тұрады.
6. Майра мектепке бара жатыр.
7. Жазда қар жауады.
8. Күзде жапырақтар сарғаяды.

Қорытындылау

- Ойын ұнады ма?
- Саған не қызық болды?
- Көңіл-күйің қандай?

Қоштасу «Ауамен қоштасу»

«Сау болындар» деп ауада қолдарын сүйіп балаларға сәлем жолдайды.

Тақырыбы: «Шарды жина» ойыны

Мақсаты: Зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту

Психолог: Сәлеметсің бе! Сені көргеніме қуаныштымын!

Сәлемдесу. «Сәлем» жаттығуы

Сәлем, аспан (қолын көтереді)!

Сәлем, күн (қолымен үлкен шеңберді суреттейді)!

Сәлем, Жер (қолдарын жерге бағыттайды)!

Сәлем, Жер шары (басының үстінен үлкен шеңбер жасайды)!

Сәлем, біздің үлкен отбасы (бала қолын жоғарға көтереді)!

Қимылды ойын: «Ең биік жұлдызды ұста»

Ойын ережесі: Шеңберге ұзындығы әр түрлі жіпке тізіп жұлдыздар байланады. Балалар кезекпен жіптегі жұлдыздарға секіріп қолдарын тигізеді. Біртіндеп ең биіктепгі жұлдызға дейін секіріп биік жұлдызды ұстауға тырысады.

«Шарды жина» ойыны

Ойын ережесі: столда балаға психолог қарама-қарсы жайғасады. Балаға стакан беріледі. Психолог шарды стол бетінде домалатып жібереді, бала допты стаканмен қағып алып жинауы тиіс.

Саусақ гимнастикасы

Бала-бала балақан,

Қане қайсы алақан,

Саусақтарың әйбәт,

Былай-былай ойнат, - деп сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады.

Қорытындылау.

Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?